



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

17.06.2022 № 2-011201-22-51521  
25.05.2022 № ДЗ-180

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
Экономикалық реформа және  
өңірлік даму комитетінің мүшесі  
А.Т. Перуашевқа және «Ақ жол»  
фракциясының депутаттарына**

### **Құрметті Азат Тұрлыбекұлы!**

Бас прокуратура 25.05.2022 жылы «Ақ жол» фракциясының депутаттары жариялаған депутаттық сауалды қарады.

*Парламент 2011 жылғы 8 желтоқсанда ратификациялаған Шарт шеңберінде алынған халықаралық міндеттемелерді орындамау себептеріне қатысты.*

Кеден одағының және Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 3-бабының 2-тармағына сәйкес Тараптар кеден одағының кеден заңнамасы саласындағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың құқыққа қайшылығын біркелкі айқындау бойынша заңнамалық шаралар қабылдауға міндеттенген.

Қазіргі уақытта Кеден одағына мүше мемлекеттердің қылмыстық және әкімшілік заңнамаларын біріздендіру жөніндегі жұмысты жандандыру Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 4 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.1.6-тармағында көзделген.

Сәйкес іс-шараны іске асыру 2024 жылдың соңына дейін Шартқа кедендік реттеу саласындағы талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілеуге барлығы үшін ортақ қағидаттар мен тәсілдерді айқындау бөлігінде өзгерістер енгізуді көздейді.

Қазақстан Республикасынан көрсетілген міндеттемелердің орындалуына жауапты уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті болып табылады.

*Қылмыстық кодекстің 234-бабы бойынша халық тұтынатын тауарлар контрабандасын қылмыстық сипаттан арылтуға және оны қаржылық жауапкершілік саласына аударуға қатысты.*

Сыртқы экономикалық қызмет экономиканың маңызды бөлшектерінің бірі болып табылады, соның арқасында мемлекет бюджетіне миллиардтаған теңгемен есептелетін кедендік төлемдер мен салықтар түседі.

ҚК-нің 234 және 236-баптарында көзделген іс-әрекеттер елдің экономикалық мүдделеріне ғана емес, сондай-ақ адал бәсекелестік қағидағтарына да қол сұғады және сайып келгенде, сыртқы сауда саласының заңға бағынатын қатысушыларына залал келтіреді, өйткені контрабанда жасайтын және кедендік баждарды төлеуден жалтаратын адамдар бәсекелестік артықшылық алады.

Қазіргі уақытта 2021 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының 2-тармағының 2.5.3-тармақшасына сәйкес Қаржылық мониторинг агенттігі, Қаржы министрлігі және «Атамекен» ҰКП ҚК-нің 234 және 236-баптары бойынша қылмыстық жауаптылықты шектеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

2021 жылғы 29 қазанда Бас прокуратура мен «Атамекен» ҰКП-ның бастамасы бойынша осы мәселені шешу нұсқалары Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану практикасын мониторингілеу және қорыту жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында қаралды.

Бұл ретте, Бас прокуратура экономикалық контрабанда белгілерінде тек өткізуге тыйым салынған және шектелген тауарларды, сондай-ақ оларға қатысты ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізудің арнайы қағидалары белгіленген тауарларды қалдырудың орындылығы туралы Ұлттық палатаның ұсынысын қолдады.

Алайда Қаржылық мониторинг агенттігі мен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті келіспеушілік білдіріп, осындай шешіммен байланысты жекелеген тәуекелдерді айтты.

Атап айтқанда, ҚК-нің 234 және 236-баптарының құрамдарын ажырату өлшемшарттарының бірі контрабанда кезінде тауарлардың шекара арқылы заңсыз өткізілетіні не оларды әкелуге немесе әкетуге тыйым салынғаны болып табылатыны айтылды. Ал кедендік төлемдерді төлеуден жалтару тауарлардың заңды түрде, яғни кеден заңнамасының талаптарын сақтай отырып әкелінгенін немесе әкетілгенін, бірақ бұл ретте, адамның кедендік баждарды төлеуден жалтаруға не олардың құнын төмендетуге тырысатынын білдіреді.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысы жалғасуда.

**Құрметпен,**

**Б. Асыллов**



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

17.06.2022 № 2-011201-22-51521  
25.05.2022 № ДЗ-180

**Члену Комитета  
по экономической реформе и  
региональному развитию  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Перуашеву А.Т. и депутатам  
фракции «Ак жол»**

**Уважаемый Азат Турлыбекулы!**

Генеральной прокуратурой рассмотрен депутатский запрос, оглашенный 25.05.2022 года депутатами фракции «Ак жол».

*Касательно причин невыполнения международных обязательств, взятых в рамках ратифицированного Парламентом Договора от 8 декабря 2011 года.*

В соответствии с пунктом 2 статьи 3 Договора об особенностях уголовной и административной ответственности за нарушения таможенного законодательства таможенного союза и государств-членов таможенного союза (далее – Договор) стороны обязались принять законодательные меры по приведению к единообразному определению противоправности преступлений и административных правонарушений в сфере таможенного законодательства таможенного союза.

В настоящее время активизация работы по унификации уголовных и административных законодательств государств-членов таможенного союза предусмотрена пунктом 3.1.6. Плана мероприятий по реализации Стратегических направлений развития евразийской экономической интеграции до 2025 года, утвержденного распоряжением Совета Евразийской экономической комиссии от 5 апреля 2021 года № 4.

Реализация соответствующего мероприятия предусматривает внесение до конца 2024 года изменений в Договор в части определения общих для всех принципов и подходов к установлению ответственности за несоблюдение требований в сфере таможенного регулирования.

От Республики Казахстан ответственным уполномоченным органом за исполнение указанных обязательств является Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан.

*Касательно декриминализации контрабанды товаров народного потребления по статье 234 Уголовного кодекса и перевода ее в сферу финансовой ответственности.*

Внешнеэкономическая деятельность является одним из важнейших элементов экономики, благодаря которому в бюджет государства поступают таможенные платежи и налоги, исчисляемые миллиардами тенге.

Деяния, предусмотренные статьями 234 и 236 УК, посягают не только на экономические интересы страны, но и на принципы добросовестной конкуренции, и, в конечном счете, наносят ущерб законопослушным участникам внешнеторговой сферы, поскольку лица, совершающие контрабанду и уклонение от уплаты таможенных пошлин, получают конкурентное преимущество.

В настоящее время в соответствии с подпунктом 2.5.3 пункта 2 Протокола заседания Комиссии при Президенте Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции от 9 сентября 2021 года, Агентством по финансовому мониторингу, Министерством финансов и НПП «Атамекен» проводится работа по выработке предложений по разграничению уголовной ответственности по статьям 234 и 236 УК.

29 октября 2021 года по инициативе Генеральной прокуратуры и НПП «Атамекен» варианты решения этого вопроса были рассмотрены на заседании Межведомственной рабочей подгруппы по мониторингу и обобщению практики применения уголовного и уголовно-процессуального законодательства.

При этом Генеральная прокуратура поддержала предложения Национальной палаты о целесообразности оставления в признаках экономической контрабанды только запрещенных и ограниченных к перемещению товаров, а также товаров, в отношении которых установлены специальные правила перемещения через таможенную границу ЕАЭС.

Вместе с тем Агентством по финансовому мониторингу и Комитетом государственных доходов Министерства финансов было выражено несогласие и озвучены отдельные риски, связанные с таким решением.

В частности, отмечалось, что одним из критериев разграничения составов статей 234 и 236 УК является то, что при контрабанде товары перемещаются через границу незаконно либо они запрещены к ввозу или вывозу. Тогда как уклонение от уплаты таможенных платежей подразумевает, что товары были ввезены или вывезены законно, то есть с соблюдением требований таможенного законодательства, но при этом лицо пытается уклониться от уплаты таможенных пошлин либо занижить их стоимость.

Работа уполномоченных государственных органов в данном направлении продолжается.

**С уважением,**

**Б. Асыллов**